

8D 07501 – Стандарттау және сертификаттау (сала бойынша) білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу мақсатында «Дәстүрлі емес ұнды шикізаттан жасалған макарон өндірісі технологиясының нормативтік қамтамасыздануы» тақырыбында орындалған Нұрдан Динаштың диссертациялық жұмысқа берілген

## ОТАНДЫҚ ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСШІНІҢ ПІКІРІ

Қазіргі уақытта дәстүрлі макарон өнімдерінің тағамдық құндылығы, ондағы негізгі қоректік заттардың: ақуыздар мен көмірсулар жеткіліксіздігімен сипатталады. Бұл мәселені шешудің ең перспективалы жолы – өсімдік шикізатын өңдеу арқылы алынған биологиялық құнды қоспалармен байытылған өнімдер өндірісі, бұл тағамның сапасын арттыруға, отандық өндірістің диеталық және емдік өнімдеріне сұранысты қанағаттандыруға мүмкіндік береді.

Диссертациялық жұмыс шеңберінде тағамдық құндылығы жоғары макарон өнімдерін әзірлеудің ғылыми-тәжірибелік негізі қаланған, ол бір жағынан макарон өнімдерінің тағамдық құндылығын арттыруға ықпал ететін және екінші жағынан макарон өнімдерінің сапасының тұрақтылығын қамтамасыз ететін осындай байытатын қоспалар мен негізгі шикізаттың дәстүрлі емес түрлерін теориялық және эксперименттік таңдауға негізделген.

Макаронды ұзақ уақыт сақтауға болады, өйткені оның құрамында әдетте 11-13 % ылғал бар. Сонымен қатар, макарон өнімдерінің бұзылуы оларды дайындау технологиясы бұзылған кезде де, сақтау процесінде де болуы мүмкін. Осы тұста жаңа өнімнің және оны өндірудің нормативтік қамтамасыздануы аса маңызды роль атқарады.

Стандарттау – бұл қоршаған орта, денсаулық, өмір және мүлік үшін өнімдердің, қызметтер мен жұмыстардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында нормаларды, сипаттамалар мен ережелерді анықтау қызметі; ақпараттық және техникалық үйлесімділік, сондай-ақ өзара алмастырушылық; ғылымның, техниканың және технологияның даму деңгейіне сәйкес өнімдердің, қызметтер мен жұмыстардың сапасы; нақты елдің қорғаныс қабілеті және жұмылдыру дайындығы. ҚР стандарттаудың құқықтық негіздері «Техникалық реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № 396-VI Заңында белгіленген.

Бүкіл әлемде стандарттау нарықты қауіпті және сапасыз өнімдерден қорғау әртүрлі салаларда инновациялық технологиялар мен ақпараттық жүйелерді енгізу сияқты маңызды мемлекеттік міндеттерді шешу құралы болып табылады. Стандарттарды қолданудың тиімділігі агробизнестің технологиялық үйлесімділігі мен жаһандық бәсекеге қабілеттілігін жалпы арттыруға ықпал етеді, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық Одақта да, Еуроодақ елдерінде де өзара іс-қимыл мен интеграцияға бағытталған әлемде дамып келе жатқан процестерге сәйкес келуге мүмкіндік береді.

Сез-келген өнімнің сапасы оның жалпыға бірдей танылған стандарттар мен санитарлық нормалар мен ережелерге сәйкестігіне негізделген. Өнім өндіруге негізделген стандарт, өндіруші оны адал сақтаған жағдайда, сапаның кепілі болып табылады, яғни өндірілетін тамақ өнімдерінің сапа деңгейі стандарттау деңгейіне де байланысты.

Диссертациялық жұмыстың нәтижесінде кәсіпорынның 8 стандарты (8 рецептураға сәйкес) «Ai-Kun» атты көп дәнді макарон өнімдеріне әзірленді. Әзірленген Кәсіпорын СТ жобалары ҚР СТ 1.2-2008 және ҚР СТ 1.5-2008 негізгі ережелеріне сәйкес келеді. Жасалынған кәсіпорын СТ жобаларының талаптарына сәйкес дайындалған макарон өнімдерінің жаңа түрлерін өндіру технологиясына қолданылатын технологиялық нұсқаулық әзірленді.

Диссертация авторының жеке қатысуымен ауқымды ғылыми-тәжірибелік зерттеулер жүргізілген және ғылыми мақалалар Халықаралық және республикалық деңгейдегі басылымдарда жарық көрген. Жарияланған мақалаларда орындалған ғылыми еңбектің маңыздылығы мен өзектілігі толық дәріптелген.

Орындалған диссертация жұмысы аяқталған ғылыми жұмыс ретінде Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің ғылыми дәрежелерді беру талаптарына сәйкес орындалған. Диссертациялық жұмыстың авторы Нұрдан Динаш 8D07501 – Стандарттау және сертификаттау (сала бойынша) білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайық деп санаймын.

**Отандық ғылыми кеңесші,  
техника ғылымдарының докторы, профессор,  
ҚазҰАҰУ «Тағам өнімдерінің технологиясы  
және қауіпсіздігі» кафедрасының  
профессоры**

**Оспанов Әбдіманан Әбубәкірұлы**



**РАСТАЙМЫН**  
Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу  
университетінің ғылыми кеңесшінің хатшысы  
«29» 02 2020 ж.